

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 231 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 44 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 231 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы**

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 231 Жарлығына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі 122-бабының 2-тармағына және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н** :

1. "Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007 - 2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 231 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 47, 499-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007 - 2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында:

"Халықаралық маңызы бар "белсенді" жобаларды іске асыру" деген 5.9-бөлімнің "Астана қаласын және Ақмола облысын дамыту" деген 2-кіші бөлімі мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Ақмола облысының Щучье ауданында "Бурабай" арнайы экономикалық аймағының шекарасында туристік ойын-сауық кешенін салу."

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру үшін қажетті ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

*Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК